

Кеден органдарының лауазымды адамдары нысанды киімінің және нысанды киімінің (погонсыз) үлгілерін, онымен қамтамасыз етудің заттай нормалары мен айырым белгілерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 қыркүйектегі № 1062 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 шілдедегі № 523 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.07.2015 № 523 қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексі 483-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) кеден органдарының лауазымды адамдары нысанды киімінің және нысанды киімінің (погонсыз) үлгілері;
- 2) кеден органдарының лауазымды адамдарын нысанды киіммен және нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары;
- 3) кеден органдарының лауазымды адамдары нысанды киімінің және нысанды киімінің (погонсыз) айырым белгілері бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарының нысанды киімі мен айырым белгілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы № 1247 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

15

қыркүйектегі

№

1062

қаулысына

1-қосымша

Кеден органдарының лауазымды адамдары нысанды киімінің және нысанды киімінің (погонсыз) үлгілері

Қазақстан Республикасы кеден органдарының жоғарғы басшы құрамының үлгі нысанды киімі

1. Ерлерге арналған нысанды киім:
 - 1) қаракөлден тігілген сұр түсті папаха;
 - 2) төбесінің шеттерінде ашық көгілдір түсті жиегі бар, кокарда айналасының айнала жиектері алтын түспен зерленген, күнқағарының жиегіне зерленген таспа жүргізілген көгілдір-сұр немесе көк түсті күнделікті киетін фуражка;
 - 3) теріден тігілген қара түсті күрте;
 - 4) көк түсті жеңіл күрте;
 - 4-1) көгілдір-сұр немесе көк түсті плащ;
 - 5) көк түсті свитер;
 - 6) кеуде қалталары және қалпақша қалталары бар, жеңдерінде ашық көгілдір түсті жиегі, шалбары бар көгілдір-сұр немесе көк түсті бір қаусырмалы күнделікті китель;
 - 7) кеуде қалталары бар көгілдір-сұр немесе көк түсті шалбары бар күрте;
 - 8) ашық көгілдір түсті лампастары бар көгілдір-сұр немесе көк түсті балағы түсіңкі шалбар;
 - 9) жеңі ұзын ашық көк түсті көйлек;
 - 10) жеңі қысқа ашық көк түсті көйлек;
 - 11) жеңі ұзын ақ түсті көйлек;
 - 12) жеңі қысқа ақ түсті көйлек;
 - 13) табиғи былғарыдан тігілген қара түсті бәтеңке;
 - 14) табиғи былғарыдан тігілген қара түсті қысқа қонышты бәтеңке;
 - 15) сұр түсті қолғап;
 - 16) сұр түсті кашне;
 - 17) қара-көк түсті галстук.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.09.2013 № 950 қаулысымен.

2. Ерлерге арналған далалық нысанды киім:
 - 1) цигейкадан тігілген сұр түсті құлақшын;
 - 2) бүркеніш түсті кепка;
 - 3) бүркеніш түсті тігінен пішілген далалық күрте мен шалбар;
 - 4) бүркеніш түсті далалық жылы күрте мен шалбар;
 - 5) футболка;
 - 6) биік қонышты қара түсті далалық бәтеңке;
 - 7) биік қонышты қара түсті жылы бәтеңке;
 - 8) сұр түсті қолғап;
 - 9) сұр түсті кашне;

10) қара түсті белге тағатын белдік;

11) унты (пима).

3. Әйелдерге арналған нысанды киім:

1) қаракөлден тігілген сұр түсті бөрік;

2) көгілдір-сұр немесе көк түсті күнделікті киетін пилотка (кепи);

2-1) көгілдір-сұр немесе көк түсті берет;

3) қара түсті теріден тігілген күрте;

4) көк түсті жеңіл күрте;

4-1) көгілдір-сұр немесе көк түсті плащ;

5) күнделікті киетін ашық бір қаусырмалы китель мен көгілдір-сұр немесе көк түсті белдемше;

6) көгілдір-сұр немесе көк түсті күрте мен шалбар;

7) көгілдір-сұр немесе көк түсті белдемше;

8) көк түсті свитер;

9) көк түсті кеудеше;

10) жеңі ұзын ашық көк түсті көйлек;

11) жеңі қысқа ашық көк түсті көйлек;

12) жеңі ұзын ақ түсті көйлек;

13) жеңі қысқа ақ түсті көйлек;

14) қара-көк түсті галстук;

15) табиғи былғарыдан тігілген қара түсті етік;

16) табиғи былғарыдан тігілген қара түсті туфли;

17) сұр түсті қолғап;

18) сұр түсті кашне.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.09.2013 № 950 қаулысымен.

4. Әйелдерге арналған далалық нысанды киім:

1) цигейкадан тігілген сұр түсті құлақшын;

2) бүркеніш түсті кепка;

3) бүркеніш түсті тігінен пішілген далалық күрте мен шалбар;

4) бүркеніш түсті далалық жылы күрте мен шалбар;

5) футболка;

6) биік қонышты қара түсті далалық бәтеңке;

7) биік қонышты қара түсті жылы бәтеңке;

8) сұр түсті қолғап;

9) сұр түсті кашне;

10) қара түсті белге тағатын белдік;

11) унты (пима).

Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының аға, орта басшы құрамының үлгі нысанды киімі және нысанды киімі (погонсыз)

5. Ерлерге арналған күнделікті киетін нысанды киім:
- 1) қаракөлден тігілген сұр түсті құлақшын;
 - 2) төбесі ашық көгілдір түсті жиегі бар көгілдір-сұр түсті, күнқағарының жиегінде зерленген таспа жүргізілген фуражка;
 - 3) теріден тігілген қара түсті күрте;
 - 4) көк түсті жеңіл күрте;
 - 4-1) көгілдір-сұр немесе көк түсті плащ;
 - 5) кеуде қалталары және қалпақша қалталары бар, жағасының жиегі ашық көгілдір түсті, шалбары бар көгілдір-сұр немесе көк түсті бір қаусырмалы күнделікті китель;
 - 5-1) кеуденің сол жағында кеуде қалталары және қалпақша қалталары бар, жағасы ашық көгілдір түспен көмкерілген, шалбары бар көгілдір-сұр немесе көк түсті бір қаусырмалы күнделікті китель;
 - 6) кеуде қалталары, шалбары бар көгілдір-сұр немесе көк түсті күрте;
 - 7) көк түсті свитер;
 - 8) ашық көгілдір түсті жиектері бар, балағы түсіңкі көгілдір-сұр немесе көк түсті шалбар;
 - 9) жеңі ұзын ашық көк түсті көйлек;
 - 9-1) иығында негізгі мата түстес паточкалы көгілдір-сұр немесе көк түсті планкасы бар жеңі ұзын ашық көк түсті көйлек;
 - 10) жеңі қысқа ашық көк түсті көйлек;
 - 10-1) иығында негізгі мата түстес паточкалы көгілдір-сұр немесе көк түсті планкасы бар жеңі қысқа ашық көк түсті көйлек;
 - 11) жеңі ұзын ақ түсті көйлек;
 - 11-1) иығында негізгі мата түстес паточкалы көгілдір-сұр немесе көк түсті планкасы бар жеңі ұзын ақ түсті көйлек;
 - 12) жеңі қысқа ақ түсті көйлек;
 - 12-1) иығында негізгі мата түстес паточкалы көгілдір-сұр немесе көк түсті планкасы бар жеңі қысқа ақ түсті көйлек;
 - 13) табиғи былғарыдан тігілген қара түсті бәтеңке;
 - 14) табиғи былғарыдан тігілген қара түсті қысқа қонышты бәтеңке;
 - 15) сұр түсті кашне;
 - 16) сұр түсті қолғап;
 - 17) қара-көк түсті галстук.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.09.2013 № 950

қ а у л ы с ы м е н .

6. Ерлерге арналған далалық нысанды киім:

- 1) цигейкадан тігілген сұр түсті құлақшын;
- 2) бүркеніш түсті кепка;
- 3) бүркеніш түсті далалық жылы күрте мен шалбар;
- 4) бүркеніш түсті тігінен пішілген далалық күрте мен шалбар;
- 5) футболка;
- 6) биік қонышты қара түсті жылы бәтеңке;
- 7) биік қонышты, қара түсті далалық бәтеңке;
- 8) сұр түсті қолғап;
- 9) сұр түсті кашне;
- 10) белге тағатын қара түсті белдік;
- 11) унты (пима).

7. Ерлерге арналған арнайы нысанды киім:

- 1) функционалды кеудеше;
- 2) сигнал кеудешесі;
- 3) бүркеніш түсті кепкасы және белдігі бар үйретушілерге арналған бүркеніш түсті комбинезон;
- 4) қорғаныш жиынтығы (қорғаныш костюмі, респиратор, қолғап, бәтеңке, қорғасынды алжапқыш).

8. Әйелдерге арналған күнделікті нысанды киім:

- 1) қаракөлден тігілген сұр түсті бөрік;
- 2) төбесі ашық көгілдір түсті жиегі бар көгілдір-сұр немесе көк түсті пилотка (кепи);
 - 2-1) көгілдір-сұр немесе көк түсті берет, береттің айналасында зерленген таспа;
- 3) теріден тігілген қара түсті күрте;
- 4) көк түсті жеңіл күрте;
- 5) жағасының жиегі ашық көгілдір түсті, белдемшесі бар ашық бір қаусырмалы көгілдір-сұр немесе көк түсті күнделікті китель;
 - 5-1) қалпақша қалталары бар, жағасы ашық көгілдір түспен көмкерілген, белдемшесі бар көгілдір-сұр немесе көк түсті ашық бір қаусырмалы күнделікті китель;
- 6) көгілдір-сұр немесе көк түсті белдемше;
- 7) көгілдір-сұр немесе көк түсті шалбары бар күрте;
- 8) көк түсті кеудеше;
- 9) көк түсті свитер;
- 10) жеңі ұзын ашық көк түсті көйлек;
- 10-1) иығында негізгі мата түстес паточкалы көгілдір-сұр немесе көк түсті

- планкасы бар жеңі ұзын ашық көк түсті көйлек;
 11) жеңі қысқа ашық көк түсті көйлек;
 11-1) иығында негізгі мата түстес паточкалы көгілдір-сұр немесе көк түсті
 планкасы бар жеңі қысқа ашық көк түсті көйлек;
 12) жеңі ұзын ақ түсті көйлек;
 12-1) иығында негізгі мата түстес паточкалы көгілдір-сұр немесе көк түсті
 планкасы бар жеңі ұзын ақ түсті көйлек;
 13) жеңі қысқа ақ түсті көйлек;
 13-1) иығында негізгі мата түстес паточкалы көгілдір-сұр немесе көк түсті
 планкасы бар жеңі қысқа ақ түсті көйлек;
 14) қара-көк түсті галстук;
 15) табиғи былғарыдан тігілген қара түсті етік;
 16) табиғи былғарыдан тігілген қара түсті туфли;
 17) сұр түсті қолғап;
 18) сұр түсті кашне.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.09.2013 № 950 қаулысымен.

9. Әйелдерге арналған далалық нысанды киім:
- 1) цигейкадан тігілген сұр түсті құлақшын;
 - 2) бүркеніш түсті кепка;
 - 3) бүркеніш түсті тігінен пішілген далалық күрте мен шалбар;
 - 4) бүркеніш түсті далалық жылы күрте мен шалбар;
 - 5) футболка;
 - 6) биік қонышты қара түсті далалық бәтеңке;
 - 7) биік қонышты қара түсті жылы бәтеңке;
 - 8) сұр түсті қолғап;
 - 9) сұр түсті кашне;
 - 10) қара түсті белге тағатын белдік;
 - 11) унты (пима).
10. Әйелдерге арналған арнайы нысанды киім:
- 1) функционалды кеудеше;
 - 2) сигнал кеудешесі;
 - 3) бүркеніш түсті кепкасы және белдігі бар үйретушілерге арналған бүркеніш түсті комбинезон;
 - 4) қорғаныш жиынтығы (қорғаныш костюмі, респиратор, қолғап, бәтеңке, қорғасынды алжапқыш).

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

15

қыркүйектегі

Кеден органдарының лауазымды адамдарын нысанды киіммен және нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.09.2013 № 950 қаулысымен.

Р/с №	Заттардың атауы	Бір қызметкерге арналған заттың саны	Пайдалану мерзімі (аймен)	Ескертпе
Нысанды киім				
1.	Қаракөл папаха	1	60	
2.	Құлақшын	1	36	
3.	Қаракөлден тігілген бөрік	1	36	
4.	Фуражка	1	24	
5.	Пилотка (кепи)	1	36	
5-1.	Берет	1	36	
6.	Теріден тігілген күрте	1	36	тек қана суық климатты аудандарға арналған
7.	Жеңіл күрте	1	36	
7-1.	Плащ	1	36	
8.	Шалбары бар китель	1	24	
8-1.	Шалбары бар китель*	1	24	
9.	Белдемшесі бар китель	1	24	
9-1.	Белдемшесі бар китель*	1	24	
10.	Шалбары бар күрте	1	24	
11.	Шалбар	1	24	
12.	Белдемше	1	24	
13.	Ұзын жеңді ашық көк түсті көйлек	1	12	
13-1.	Ұзын жеңді ашық көк түсті көйлек*	1	12	
14.	Қысқа жеңді ашық көк түсті көйлек	1	24	
14-1.	Қысқа жеңді ашық көк түсті көйлек*	1	24	
15.	Ұзын жеңді ақ түсті көйлек	1	24	
15-1.	Ұзын жеңді ақ түсті көйлек*	1	24	
16.	Қысқа жеңді ақ түсті көйлек	1	12	
16-1.	Қысқа жеңді ақ түсті көйлек*	1	12	
17.	Свитер	1	36	

18.	Кеудеше	1	36	
19.	Ерлерге арналған бөтеңке (қысқы етік)	1	24	
20.	Әйелдерге арналған қысқы етік	1	24	
21.	Ерлерге арналған қысқа қонышты бөтеңке (туфли)	1	12	
22.	Әйелдерге арналған туфли	1	12	
23.	Қолғап	1	36	
24.	Кашне	1	36	
25.	Галстук	1	24	
26.	Кепка	1	24	
27.	Далалық күрте және шалбар	1	24	
28.	Далалық жылы күрте және шалбар	1	36	
29.	Футболка	2	12	
30.	Биік қонышты далалық бөтеңке	1	24	
31.	Биік қонышты далалық жылы бөтеңке	1	36	
32.	Унты (пима)	1	48	тек қана суық климатты аудандарға арналған
33.	Белдік	1	24	
34.	Функционалдық кеудеше	1	24	көлік құралдарын тексеріп қарауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға беріледі
35.	Сигнал кеудешесі	1	36	көлік құралдарын тексеріп қарауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға беріледі
36.	Үйретушілерге арналған комбинезон	1	24	кинологиялық қызметтің лауазымды адамдарына беріледі
37.	Қорғаныш жиынтығы	1	36	сәулелену көздерімен жұмыс кезінде лауазымды адамдарға беріледі
Айырым белгілері				
1.	Күнделікті киімге тігілетін погондар	2	24	
2.	Салтанатты алмалы-салмалы погондар	2	24	
3.	Күнделікті алмалы-салмалы погондар	3	24	
4.	Далалық погондар	2	24	
5.	Күнделікті алмалы-салмалы далалық погондар (трапеция пішінді)	2	24	

6.	Кокарда	3	36	
7.	Төбесіндегі эмблема	1	36	
8.	Зерленген таспа	1	24	
9.	Үлкен жұлдыз	42	36	
10.	Кіші жұлдыз	56	36	
11.	Кеден қызметінің үлкен эмблемасы	2	36	
12.	Кеден қызметінің кіші эмблемасы	8	36	
13.	Үлкен түйме	30	36	
14.	Кіші түйме	30	36	
15.	Жағаға тағылатын эмблема	2	36	
16.	Жеңге тағылатын күнделікті белгі	2	24	
17.	Жеңге тағылатын далалық белгі	1	24	
18.	Кеудеге тағатын жапсырмалар	2	24	
19.	Галстукке арналған қысқыш	1	36	
Кеден органдарының лауазымды адамдары нысанды киімдерінің (погонсыз) айырым белгілері				
1.	Кокарда	3	36	
2.	Төбесіндегі эмблема	1	36	
3.	Зерленген таспа	1	24	
4.	Кеден қызметінің үлкен эмблемасы	2	36	
5.	Кеден қызметінің кіші эмблемасы	8	36	
6.	Үлкен түйме	30	36	
7.	Кіші түйме	30	36	
8.	Жағаға тағылатын эмблема	2	36	
9.	Жеңге тағылатын күнделікті белгі	4	24	
10.	Жеңге тағылатын далалық белгі	2	24	
10-1.	Бөлімшенің атауымен жеңге тағылатын белгі	4	24	
11.	Кеудеге тағатын жапсырмалар	2	24	
12.	Галстукке арналған қысқыш	1	36	

Е с к е р т п е :

Нысанды киіммен және айырым белгілерімен қамтамасыз ету нормалары кеден органдарының бір қызметкеріне берілетін заттардың саны және оларды пайдалану мерзімі болып табылады.

*Нысанды киім кеден органдарының лауазымды адамдарына погонсыз беріледі.

Кеден органының лауазымды адамы жұмыстан босатылған кезде кию мерзімі өтпеген барлық алынған айырым белгілері қоймаға өткізіледі, бұл туралы есеп-анықтамада тиісті жазба жасалады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2011

жылғы

15

қыркүйектегі

№

1062

қаулысына

3-қосымша

Кеден органдары лауазымды адамдарының нысанды киімінің және (погонсыз) нысанды киімінің айырым белгілері

Погондар

1. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарының арнайы атақтары бойынша айырым белгілері погондар болып табылады.

2. Жоғары басшы құрамның погондары:

1) жоғарғы жиегі сопақша, жиегі алтын жалатылған зер жіппен көкерілген, ұлттық өрнекпен өрнектелген салтанатты-мерекелік погондар;

2) көйлекке арналған жоғарғы жиегі сопақша, жиегі алтын жалатылған зер жіппен көмкерілген погондар, погонның беті ақ түсті матадан жасалып, алтын жалатылған зермен ұлттық өрнекпен өрнектелген;

3) жоғарғы шеті сопақ, жиегі алтын жалатылған зер жіппен көмкерілген күнделікті погондар, погонның беті көк түсті матадан жасалып, алтын жалатылған жиектелген алтын түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген;

4) погондар трапеция пішінді, погон беті көк түсті матадан жасалған;

5) далалық погондар трапеция пішінді, жиектелмеген, погон беті бүркеніш түсті мата қиындысынан жасалған, погондардағы жұлдыздар мен қыран қара т ү с т і ;

Погондарға алтын жалатылған зер жіппен тігілген диаметрі 22 мм жұлдыздар орналастырылады. Погонның төменгі бөлігінде алтын түспен зерленген қыран т і г і л г е н .

3. Погондардағы жұлдыздар мынадай түрде орналасады:

1) кеден қызметінің генерал-майоры - 1 жұлдыз;

2) кеден қызметінің генерал-лейтенанты - ұзындығы бойымен - 2 жұлдыз;

3) генерал-полковник - ұзындығы бойымен - 3 жұлдыз.

4. Аға басшы құрамның погондары:

1) жоғарғы жиегі сопақша, ашық көгілдір түсті жиегі бар, ұлттық өрнекпен көмкерілген салтанатты-мерекелік погондар;

2) көйлекке тағатын жоғарғы жиегі сопақша, ашық көгілдір түсті жиегі бар, погон беті ақ түсті матадан жасалған, алтын түсті ұлттық өрнекпен көмкерілген погондар ;

3) жоғарғы жиегі сопақша, ашық көгілдір түсті жиегі бар, погон беті көк түсті матадан жасалған, алтын түсті ұлттық өрнекпен көмкерілген күнделікті погондар ;

4) трапеция пішінді погондар, погон беті жиекті көк түсті мата қиындысынан жасалған ұлттық өрнекпен көмкерілген.

Жиегі және погондардағы көлденең жолақтары ашық көгілдір түсті жіппен жасалған. Погондардағы ұлттық өрнектер, жұлдыздар сары түсті жіппен орындалған ;

5) жиектелмеген, погон беті бүркеніш түсті мата қиындысынан жасалған трапеция пішінді, жұлдыздар мен көлденең жолақтары қара түсті далалық погондар .

Аға басшы құрамның погондарында диаметрі 20 мм жұлдызшалар және ашық көгілдір түсті екі көлденең жолақ орналасады. Көлденең жолақтардың ені - 4 мм. Погондардың жоғарғы бөлігінде диаметрі 14 мм нысанды түйме қалады.

5. Погондардағы жұлдыздар мынадай түрде орналасады:

1) кеден қызметінің майоры - 1 жұлдыз;

2) кеден қызметінің подполковнигі - 2 жұлдыз;

3) кеден қызметінің полковнигі - 3 жұлдыз.

6. Орта басшы құрамның погондары:

1) жоғарғы жиегі сопақша, жиегі ашық көгілдір түсті, ұлттық өрнекпен көмкерілген салтанатты погондар;

2) көйлекке тағатын жоғарғы жиегі сопақша, жиегі ашық көгілдір түсті, погон беті ақ түсті матадан жасалған, алтын түсті ұлттық өрнекпен көмкерілген погондар ;

3) жоғарғы жиегі сопақша, жиегі ашық көгілдір түсті, погон беті көк түсті матадан жасалған алтын түсті ұлттық өрнекпен көмкерілген күнделікті погондар;

4) трапеция пішінді погондар, погон беті жиегі бар көк түсті мата қиындысынан жасалған ұлттық өрнекпен көмкерілген.

Жиегі және погондардағы көлденең жолақтары ашық көгілдір түсті жіппен жасалған. Погондағы ұлттық өрнектер мен жұлдыздар сары түсті жіппен орындалған ;

5) трапеция пішінді, жиектелмеген, погон беті бүркеніш түсті мата қиындысынан жасалған, жұлдыздар мен көлденең жолақтары қара түсті далалық погондар .

Орта басшы құрамның погондарында диаметрі 13 мм жұлдыздар және бір ашық көгілдір түсті көлденең жолақ орналасады. Көлденең жолақтардың ені - 4

мм. Погондардың жоғарғы бөлігінде диаметрі 14 мм нысанды түйме қадалады.

7. Погондардағы жұлдыздар мынадай түрде орналасады:

- 1) кеден қызметінің кіші лейтенанты - 1 жұлдыз;
- 2) кеден қызметінің лейтенанты - 2 жұлдыз;
- 3) кеден қызметінің аға лейтенанты - 3 жұлдыз;
- 4) кеден қызметінің капитаны - 4 жұлдыз.

8. Қазақстан Республикасы кеден органдары лауазымды адамдарының (погонсыз) нысанды киімдері погон тағуды көздемейді.

Жеңге тағатын белгілер, кокардалар, эмблемалар, жапсырмалар, бейждер

9. Жеңге тағатын белгілер, далалық жапсырмалар, кокардалар, эмблемалар, зерленген лента, бас киімдер мен киім-кешектердегі тігістер, бейдж, жетон мен галстукке арналған қысқыш, ерекшелік белгілері болып табылады.

10. Аға басшы құрамның жеңіне тағатын белгісі қалқан нысанындағы мөлшері 110*83 мм көк түсті мата қиындысынан тігілген және алтын жалатылған жіппен кестелеу әдісімен орындалған Елтаңба бейнеленген.

Белгінің жоғарғы бөлігінде Елтаңба бейнесінің үстінде «ҚАЗАҚСТАН», Елтаңба бейнесінің астында «КЕДЕН», «CUSTOMS» деген жазулар бар.

Жиегі алтын жалатылған жіппен кестелеу әдісімен орындалған.

11. Кеден органдары лауазымды адамдарының аға, орта басшы құрамның жеңіне тағатын белгілері қалқан нысанындағы мөлшері 110*83 мм көк түсті мата қиындысынан тігілген және алтын түсті жіппен кестелеу әдісімен орындалған
Е л т а ң б а б е й н е л е н г е н .

Белгінің жоғарғы бөлігінде Елтаңба бейнесінің үстінде «ҚАЗАҚСТАН», Елтаңба бейнесінің астында «КЕДЕН», «CUSTOMS» деген жазулар бар.

Белгінің жиегі бойының ішкі бөлігінде «алтын» түсті жіппен кестелеу әдісімен орындалған масақ жапырақшасы мәнері бар.

Жиегі және жазулары ашық көгілдір түсті жіппен жасалған.

11-1. Кеден органдарының арнайы атақтары жоқ лауазымды адамдарының оң қолының жеңіне тағылатын белгісі қалқан нысанындағы мөлшері 110*83 мм көк түсті матаны және ішінде аумақтық бөлімшенің атауы жазылған сегіз бұрышты, жазуы көк түсті жіппен кестелеу әдісімен орындалған, «алтын» түсті жіппен кестелеу әдісімен орындалған сегіз бұрышты бейнені білдіреді.

Сегіз бұрышты бейненің төменгі бөлігінде «КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» деген жазу бар. Белгінің жиегі бойының ішкі бөлігінде «алтын» түсті жіппен кестелеу әдісімен орындалған масақ жапырақшалары мәнері бар. Жиегі және жазулары ашық көгілдір түсті жіппен жасалған.

12. Жеңге тағатын далалық белгі қалқан нысанындағы бүркеніш түсті мата қиындысынан тігілген және Елтаңба бейнеленген.

Белгінің жоғарғы бөлігінде Елтаңба бейнесінің үстінде «ҚАЗАҚСТАН», Елтаңба бейнесінің астында «КЕДЕН», «CUSTOMS» деген жазулар бар.

Белгінің жиегі бойының ішкі бөлігінде масақ жапырақшасы мәнері бар.

Жиегі қара түсті жіппен кестелеу әдісімен орындалған.

Матадағы бейне және жазу қара түсті жіппен орындалған.

13. Далалық жапсырмалар мөлшері 120*30 мм бүркеніш түсті матадан ж а с а л а д ы .

Матада қара түсті «KAZAKHSTAN» деген жазу бар.

Жапсырмалардың шеті жиек түрінде қара түсті жіппен өңделген.

14. Далалық жапсырмалар мөлшері 120*30 мм бүркеніш түсті мата қ и ы н д ы с ы н а н ж а с а л а д ы .

Матада кеден қызметінің эмблемасы және «CUSTOMS» деген жазу қара түсті ж і п п е н ө н д е л г е н .

Жапсырмалардың шеті жиек түрінде қара түсті жіппен өңделген.

15. Кеден қызметінің үлкен эмблемасы іш жағынан ортасында көгілдір түстегі шаңырақ бейнеленген сегіз бұрышты алтын жұлдызды білдіреді. Жұлдыздың ішінде шаңырақтың үстінде «Кеден», шаңырақтың астында «C u s t o m s » д е г е н ж а з у б а р .

Эмблема «алтын» түсті металдан дайындалған. Эмблеманың диаметрі – 24 м м .

16. Кеден қызметінің кіші эмблемасы іш жағынан ортасында көгілдір түстегі шаңырақ бейнеленген сегіз бұрышты алтын жұлдызды білдіреді. Жұлдыздың ішінде шаңырақтың үстінде «Кеден», шаңырақтың астында «Customs» деген ж а з у б а р .

Эмблема «алтын» түсті металдан дайындалған. Эмблеманың диаметрі – 16 м м .

17. Күнделікті, далалық (арнайы) нысанды киім кеудесінің оң жағында ақ әріптермен бірінші жолда – тегі; екінші жолда – аты және әкесінің аты көрсетілген көгілдір түсті бейдж тағылады. Бейждің мөлшері - 100x40 мм.